

Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды лицензиялаудың тәртібі мен шарттары және біліктілік талаптары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 желтоқсан N 1621. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.19. N 29 қаулысымен.

Ескерту. Атауы мен мәтініне сөздер енгізілді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен

Ескерту. Атауы мен мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 2003.11.21. N 1165 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: < * >

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен

1. Беріліп отырған Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы ереже; < * >

автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдаумен, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдаумен айналысатын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында жолаушы мен жүкті тасымал жасауға байланысты коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті лицензиялау жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 251 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 122-құжат) күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 желтоқсандағы
N 1621 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен
жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды
лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы
ЕРЕЖЕ <*>**

Ескерту. Атауы мен мәтініне сөздер енгізілді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277
қаулысымен .

Ескерту. Мәтінінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095
қаулысымен .

Ескерту. Атауы мен мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 2003.11.21. N
1165 қаулысымен .

I. Жалпы ережелер

1. Автомобиль көлігімен автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды лицензиялауды қызметтің осы түрін мемлекеттік реттеу, көліктік қызмет көрсету рыногының жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оларды тұтынушылардың мүдделерін қорғау, көлік, лицензия, монополияға қарсы заңдарды, экологиялық нормалар мен қозғалыс қауіпсіздігінің талаптарын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасы Көліктік бақылау комитеті мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі Көліктік бақылау комитетінің органы) жүргізеді. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095
қаулысымен .

2. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жеке және заңды тұлғалар жүзеге асыратын автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді халықаралық тасымалдау лицензиялауға жатады. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277
қаулысымен .

3. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды, жолаушылар мен

жүктерді халықаралық тасымалдау кезінде лицензиялауды талап ететін қызметті жүзеге асыруға лицензия болғанда ғана рұқсат етіледі. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

4. Жолаушыларды немесе жүктерді, қауіпті жүктерді халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын адамда лицензия немесе оның бар екендігін растайтын құжат (лицензиялық карточка) болуы тиіс. <*>
< * >

Ескерту. 4-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.23. N 251 қаулысымен .

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

5. Лицензияларды беру қызметтің осы түрі үшін заңдармен белгіленген талаптарға жауап беретін барлық адамдарға арналған тең негіздер мен шарттарда жүзеге асырылады .

Лицензияны басқа тұлғаларға беруге тыйым салынған.

Автокөлік құралдарын сенімхатсыз басқару жалға беру құқығында басқа тұлғаларға беру кезінде лицензия осы Ережеде көзделген тәртіппен сенілген тұлғаға немесе жалға алушыға беріледі.

II. Лицензияларды берудің шарттары мен тәртібі

6. Көлік инспекциясының органдары лицензияны қызметтің өтініш жасалған түріне және халықаралық тасымалдаудың ерекшеліктеріне қарай олардың мынадай қолданылу аясын көрсете отырып береді: <*>

жүктерді халықаралық тасымалдауға арналған - "Г"; <*>

жолаушыларды халықаралық тасымалдауға арналған - "П"; <*>

жүктер мен жолаушылар тасымалдауға арналған "ПГ"; <*>

қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған - "ОГ";

қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензияларда оның мынадай қолданылу аймақтары бекітіледі: <*>

қалалық және қала маңындағы тасымалдар;

облыс ішілік тасымалдар;

облысаралық тасымалдар;

халықаралық тасымалдар .

Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензияда тасымалдауға лицензия берілген қауіпті жүктің түрі міндетті түрде көрсетіледі.

< * >

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

7. Лицензиялық алымды заңды және жеке тұлғалар лицензия алғанға дейін

е н г і з е д і .

Лицензия беруден алынған қаражат салық заңдарына сәйкес төленеді. <*>

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

8. Лицензия бланкісі бағалы қағаз деңгейінде қорғанымдық дәрежеге ие, қатаң есептілік бланкісі болып табылады, есептік сериясы, нөмірі бар және баспаханалық тәсілмен әзірленеді.

Лицензиялық құжаттардың бланкілерін, берілген лицензиялардың көшірмелерін есепке алу мен сақтау және оларды тіркеу Көліктік бақылау комитетінің органдарына жүктеледі. <*>

9. Өтініш жасаушы лицензия алу үшін Көліктік бақылау комитетінің органына мыналарды табыс етеді:

- а) белгіленген үлгідегі өтініш;
- б) лицензиялық алымды енгізгенін растайтын құжаттар; <*>
- в) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- г) техникалық паспорттың көшірмесі;
- д) автокөлік құралдарының тізімі;
- е) қауіпті жүкті тасымалдауға, лицензия алу үшін қауіпті жүктердің нақты түрлерін тасымалдауды жүзеге асыруға көлік құралдарының техникалық жарамдылығы туралы куәландырушы құжаттар;
- ж) автокөлік құралдарының жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауға жіберілгені туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі; < * >
- з) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі;
- и) жүргізушінің қауіпті жүктерді тасымалдау ережелері және жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру жөніндегі арнайы оқу орталықтарында оқу оқығанын растайтын құжаттар. <*>

Ескерту. 9-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2003.11.21. N 1165 қаулысымен .

10. Лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қажетті құжаттарды алған күннен бастап 30 күннен, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он күннен аспайтын уақыт ішінде қабылданады. <*>

Қосымша, оның ішінде тәуелсіз сараптама жүргізу қажет болған жағдайда шешім сараптама қорытындысын алған соң 10 күн мерзімде, бірақ өтініш берген күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей қабылданады.

Ескерту. 10-тармақ толықтырылды- ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

11. Егер :

- өтініш беруші өтініш беруші мен қызметтің осы түрі үшін белгіленген біліктілік талаптарына жауап бермесе;

- көлік құралына жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асырушы субъектілердің осы санаттары үшін заңдармен тыйым салынса;

- осы Ереженің 9-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмесе;

- өтініш беруші лицензиялық алымды енгізбесе;<*>

- өтініш жасаушыға қатысты тасымалдау қызметінің осы түрімен айналысуға оған тыйым салған соттың шешімі болса, лицензия берілмейді.

Өтініш жасаушыға аталған кедергілерді жойған кезде өтініш осы Ережеде көзделген тәртіпте қаралады.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

12. Лицензия беруден :

а) өтініш жасаушыға лицензияланатын қызметті жүзеге асыру құқығын берудің орынсыздығы;

б) оларды өндіруге немесе сатуға лицензия талап етілетін тауарларға (жұмыстар, қызмет көрсетулер) рыноктың молдығы;

в) рынокта монопольды жағдайда қамтамасыз ету;

г) өтініш берушінің жеке басының қасиеттері мен іскерлік беделін, оның ішінде бұрынғы сотталушылығына, тасымалдау қызметін жүзеге асыруға бұрынғы тыйым салуларға бұрынғы лицензияларды қайтып алуға байланысты күдіктенулер, егер бұл тыйым салулар мен қайтып алулар заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес өзінің қолданысын тоқтатқан (өтеген) болып саналу себептері бойынша бас тартуға тыйым салынады.

13. Лицензия беруді :

- алынған лицензияға сәйкес өндірілген жұмыстарды, қызмет көрсетулерді белгілі бір тұтынушыларға сату туралы;

бұрын белгіленген бағалар бойынша өндірілген жұмыстар мен қызмет көрсетулерге белгілі бір тарифтер тағайындау туралы талаптармен байланыстыруға тыйым салынады.

Лицензия беруден бас тартқан кезде өтініш жасаушыға лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

14. Лицензиар :

а) Лицензиат лицензиялық, көліктік және монополияға қарсы заңдардың талаптарын орындамаған;

б) лицензиат лицензияның қолданысын тоқтатқандығы себептерін жоймаған;

в) сот лицензиатқа оның лицензиямен жүзеге асыруға ие болған қызмет түрімен айналысуға тыйым салған жағдайларда белгіленген тәртіппен лицензияны қайтып алу мүмкін.

Лицензиар белгіленген тәртіппен себептерін көрсетіп алты айға дейін мерзімге лицензияны тоқтата тұруға құқылы, бұл жөнінде ол лицензиатқа 3 күндік мерзімде хабарлайды.

Тоқтата тұрудың себептері жойылған және Көлік инспекциясының органдары тиісті шешім қабылдаған соң лицензия қайта қолданысқа енгізілген болып саналады, бұл жөнінде ол лицензиатқа 3 күндік мерзімде хабарлайды.

15. Лицензия :

- а) лицензия берілген мерзім біткен;
- б) лицензия қайтып алынған;
- в) лицензия берілген заңды немесе жеке тұлғалар қызметін тоқтатқан;
- г) < * >

Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

16. Заңды тұлға таратылған, қайта ұйымдастырылған немесе азаматтың кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан кезде лицензияны қолданылу тоқтатылады.

Лицензияны жоғалтқан кезде лицензиат көшірмесін алуға құқылы. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша он күннің ішінде лицензияның көшірмесін беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық алым төлейді.

Лицензиясы бар жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір ай мерзімде осы туралы лицензиарға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір айдың ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті .

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап 10 күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым төленеді . < * >

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

III. Жауапкершілік және бақылау

17. Егер лицензиат арналған лицензияны алғаннан кейін жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға кіріспесе немесе тасымалдауды тоқтатса, оның

өндiрiлген ақысын қайтару немесе қайта есептеу жүргiзiлмейдi. <*>

Ескерту. 17-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нiң 1999.03.19. N 277

қ а у л ы с ы м е н

Ескерту. 17-тармақ өзгердi - ҚР Үкiметiнiң 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

18. Лицензиялық тәртіп белгiленген қызметке қатысты лицензиясы жүзеге асырудан алынған кiрiс, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салық инспекциясы органдарының алып қоюына жатады.

19. Көлік инспекциясының органдары лицензиялық нормалар мен шарттардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады. Бақылаудың тәртібi Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігi белгiлеген тәртіпте бекітілген нұсқаулықтармен орнатылады.

20. Лицензияның қызметін тоқтатуға байланысты даулар заңдарда белгiленген тәртіпте шешiледi.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к i м е т i н i ң

1996 жылғы 25 желтоқсандағы

N 1621 қаулысымен

бекітілген

Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдаумен, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдаумен айналысатын субъектілерде қойылатын

біліктілік талаптары <*>

Ескерту. Атауы өзгердi - ҚРҰ-нiң 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

Ескерту. Атауы мен мәтiнiнде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нiң 2003.11.21. N 1165 қаулысымен .

Автомобиль көлігімен автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдаумен, жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдаумен айналысатын субъектілер мынадай біліктілік талаптарына сай болуға тиіс: <*>

Ескерту. 1-абзац өзгердi - ҚРҰ-нiң 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

жүргізушілердің белгiленген еңбек және демалыс режимін орындау және қоғамның, қоршаған ортаның, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ тұтынушылар құқықтарының сапасы мен қорғалуын қамтамасыз ететін көлік қызметін көрсету өндiрiсiнiң шарттарын сақтау;<*>

Ескерту. 2-абзац өзгердi - ҚР Үкiметiнiң 2001.08.21. N 1095
қ а у л ы с ы м е н

Қазақстан Республикасының көлік, салық және монополияға қарсы заңдарының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып

табылатын халықаралық келісімдер мен конвенциялардың ережелерін сақтау;
сақтандырудың міндетті түрлерін қамтамасыз ету;
жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерінің және Қауіпті жүктерді
халықаралық жолмен тасымалдау туралы еуропалық келісімнің талаптарымен
айқындалған кәсіби жарамдылық. <*>

Ескерту. 5-абзацқа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 2003.11.21. N 1165

қ а у л ы с ы м е н

Аттестация жүргізу мен қажетті білімдердің көлемін (бағдарламаларын)
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
б е л г і л е й д і ; < * >

Ескерту. 6-абзац өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.19. N 277 қаулысымен .

Ескерту. 6-абзац өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

автокөлік құралдарының жолаушылар мен тамақ өнімдерін тасымалдауға
жарамдылығы туралы санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы,
сондай-ақ қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес аталған
органдардың жүктерді тасымалдау кезінде талап етілетін қорытындысы болуы;

көлік құралының жүргізушісі ретінде кемінде үш жылдық үзіліссіз жұмыс
өтілі, ал қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия алған кезде қауіпті жүктердің
тасымалдарына рұқсат алу үшін арнайы дайындықтан өткені туралы куәлігі
болуы тиіс. Жүктерді тасымалдау (қауіптілерінен басқа) рұқсат етілген ең үлкен
салмағы 7,5 тоннадан аспайтын көлік құрылымын жүзеге асырылатын
жағдайларда, жүргізушілердің жасы 18-ден кем болмауы тиіс. Егер
тасымалдарды ұйымдастыру технологиясымен көлік құралын басқаруға екі
жүргізуші көзделген болса, онда оның біреуі 21 жастан кіші болмауы тиіс.

Ескерту. 8-абзац жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095
қаулысымен .